

Муртте

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

1-апта

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Құлыншақ»

Педагогтің аты-жөні: Куанышова К.Н

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды: 02.02-06.02.2026ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	02.02.2026ж.	03.02.2026ж.	04.02.2026ж.	05.02.2026ж.	06.02.2026ж.
«Жаңа дүниені көру және жасау аса зор қанағат береді». Вольтер					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Иә, иә! Жоқ, жоқ!» эмоционалды көңіл күй қалыптастыратын ойын. Мақсат-міндеттер. Ойлау, сөйлеу, еске сақтауды дамыту. Бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу. Ойын барысы. Біз жақсы дос боламыз ба? (Иә, иә!) Біз достықты бағалаймыз ба? (Иә, иә!) Ойынды тату ойнаймыз ба? (Иә, иә!) Достарымызға көмектесеміз	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Кел, достарым, келіндер! Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Куанышпен енін дер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Иә, иә! Жоқ, жоқ!» эмоционалды көңіл күй қалыптастыратын ойын. Мақсат-міндеттер. Ойлау, сөйлеу, еске сақтауды дамыту. Бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу. Ойын барысы. Біз жақсы дос боламыз ба? (Иә, иә!) Біз достықты бағалаймыз ба? (Иә, иә!) Ойынды тату ойнаймыз ба? (Иә, иә!) Достарымызға көмектесеміз	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Кел, достарым, келіндер! Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Куанышпен енін дер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)

	бе? (Иә, иә!) Досымызды ренжітеміз бе? (Жок, жок!) Достармен бірге серуендейміз бе? (Иә, иә!) Тату-тәтті боламыз! (Иә, иә!) – Жарайсындар, балалар! Тапсырманы жақсы орындап шықтындар! (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		бе? (Иә, иә!) Досымызды ренжітеміз бе? (Жок, жок!) Достармен бірге серуендейміз бе? (Иә, иә!) Тату-тәтті боламыз! (Иә, иә!) – Жарайсындар, балалар! Тапсырманы жақсы орындап шықтындар! (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес. «Ұялшақтықты қалай жеңуге болады?»	«Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру» атты кеңес.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Психолог кеңесі. "Баланың сөйлеу тілін қалай дамытамыз?"	"Өзге қалаларға саяхат" тақырыбында фотокөрме ұйымдастыру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Үлестірмелі материалдар мен жабдықтарды ұқыпты тарата білуді бекіту. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге тиянақтылықпен жетуге, үлкендерді сыйлауға, еңбек нәтижесіне құрметпен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". (еңбек, танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Максат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін копсыту,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Максат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. BilimKids дамытушы мультфильмі Жүргізуші	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру.	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге

карауға баулу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Максат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын калыптастыру. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Санамақ айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Жиналған соң достары Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші, Бесіншісі - балташы Алтыншысы - аспазшы Жетіншісі - жылқышы Сегізіншісі - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші Оныншысы - орманшы. Ермек Өтеутілеуов. BilimKids дамытушы мультфильмі Полиция	жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және күрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. BilimKids дамытушы мультфильмі Аспаз https://youtu.be/2iTExvidcdk Логикалық жаттығу. «Тақпақты тыңда. Саны қанша және қандай мамандықтар туралы айтылғанын тап». (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Педагог балаларды шеңбер бойымен немесе кілем үстіне отырғызып, қызықты жаттығуды орындауды ұсынады. – Балалар, мұқият болындар. Тақпақты тыңдаймыз. Саны қанша және қандай мамандықтар туралы айтылғанын табу керек болады. Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды. Ақылбек Шаяхмет «Нені, немен жасайды?» Айтуға бәрі де сыяды, Әр заттың орны бар деседі. Қайшымен қағазды қияды, Пышақпен тоқашты кеседі.	https://bilimkids.kz/media/video/zh-rgizushi (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою- өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Максат-міндеттер. Қазақ ою- өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. "Қырықаяқ" қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс- әрекеті) Максат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында	BilimKids дамытушы мультфильмі Тігінші https://youtu.be/J15TpI6bpjA Мүсіндеуден ойын- жаттығулар "Аспаз боламын" Максат-міндеттер: балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманың мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алс – жақын, т.б. Диалогқа негізделген сөзді- рөлдік жаттығу. «Не істейді?» (қарым-қатынас іс-әрекеті,	жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) Қол бұйымдарының көрмесін ұйымдастырып өткізу. Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Максат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Санамақ Бір дегенің - білеу,
--	---	---	---	---

	<u>сілтеме</u> "Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол женеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу.	Қырғышпен теріні іреді, Кнімді тігеді инемен. Көп қарды күрекпен күреді, Тоң жерді қазады сүйменмен. Арамен ағашты кеседі, Балтамен отынды жарады. Бізбен теріні теседі, Балғамен шегені қағады. Шелекпен су құйып алады, Ілмекпен шілтерді токиды. Қаламмен жазуды жазады, Кітапты көзбен оқиды. Жаңылтпаштарды қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау (жаңылтпаштар айту). Талғат балға тап, Оншақты жаңғақ шак, Шаксаң, сақ шак. Ұшы үшкір, ұшқыр үш жебе алдым, Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым.	байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады.	қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Педагог балаларды жұптарға бөледі. Педагог: - Білесіндер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасындар! Адамдар үшін қызмет етеді. - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласындар. - Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды. - Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек. - Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.) - Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.) - Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.) Жарайсындар! Әрқайсы бетпердені киіп, сәйкес мамандықтың құрал-жабдықтарын алады: - дәрігер - дәрігер	Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ.
--	--	---	---	---	---

				(бетпердесі), тонометр, дәрумендер сауыты; - шаштараз - шаштараз (бетпердесі), ойыншық қайшы мен тарақ; - аспаз - аспаз (бетпердесі), ойыншық пышақ, тақтайша, ойыншық көгөністер, мескей. - мұғалім - мұғалім (бетпердесі) - әріп карточкалар.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, арқан қолда, төменде. 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу; әр жаққа 2 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау. 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы

	5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.	қалып; 4 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.	қалып; 4 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.	қалып; 4 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.	қалып; 4 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда. 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Мамандықтар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы адам таңдайтын мамандықтар және олардың ерекшеліктері жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу. "Күй күмбірі": Ерке сылқым (Әбдімомын Желдібаев) https://kazamuz.kz/1053-abdimomyn-jeldibaev---erke-sylkym-kui.html ; https://www.youtube.com/watch?v=BQ_f0laqeto «Өнегелі»: Музыка және дыбыстар. Тақырыбы: «Айналамыздағы музыка». Мақсаты: музыкалық есту қабілетін және музыкаға қызығушылықты дамыту. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?» (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды дамыту. Өртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауға ынталандыру.	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен кумандануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.	Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу.	«Қаржылық сауаттылық». "Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. Қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау. Мысалы, оларды дүкенге алып барып, сатып алу процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу негіздері "[ғ] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [ғ]	Сауат ашу негіздері "[г] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: Г	Математика негіздері "Заттарды салмақ бойынша салыстырайық (Бекіту)"	Математика негіздері "Балықтың салмағын өлшеу" Мақсат-міндеттері.	Сауат ашу негіздері Қ, Ғ дыбыстарын қайталау. Мақсат-міндеттері. «Қ - Ғ»

дыбысын таныстыру, [ғ] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Сөздің мағынасына қызығушылықты арттыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз Ғ дыбысын анықтау. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Қазақ тілі Тақырыбы: «Жасанды интеллект». [Ж] дыбысы. Мақсат-міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән [Ж] дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. «Жасанды интеллект», «желі», «жауап», «жоба» сөздері арқылы [Ж] дыбысын буында, сөзде және сөйлем ішінде анық, дұрыс айтуға үйрету; артикуляциялық жаттығуларды орындау дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорын молайтып, жасанды интеллект туралы қарапайым түсініктерін кеңейту.	дыбысын таныстыру. Сөздің мағынасына қызығушылықты арттыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбысын анықтау. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Г дыбысы бар берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Математика негіздері "Заттарды салмақ бойынша салыстырайық" Мақсат-міндеттері. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың салмағын өлшеу және салыстыруды; жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (өлшемі, қолданылуы бойынша заттардан) құра білуді дамыту. Балаларға шартты өлшемнің көмегімен заттың көлемін таразыға және қолға салып салыстыруды үйрету; заттар жиынын бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті пысықтау, 10 көлеміндегі сандарды қайталау,	Мақсат-міндеттері. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың салмағын өлшеу және салыстыруды бекіту; жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (өлшемі, қолданылуы бойынша заттардан) құра білуді дамыту. Балалардың заттардың қасиеттері туралы білімдеріне сүйеніп, заттарды қолдарына ұстап, шартты өлшем құралдары (таразы), сонымен бірге көз мөлшерімен салмағын өлшеу біліктерін бекіту. Сандық қатарды бағдарлау біліктерін белсендіру, жиынды бірнеше бірдей бөліктерге бөлу, белгілі бір санға сәйкес келетін заттар тобын құру. Қазақ тілі "Мамандықтар жайында диалогтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият	Балаларға шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді үйрету; бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу негізінде жиынның айырмашылығын шығару туралы түсінікті тиянақтау; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл болатыны жайлы түсінік беру; жылдам санауға жаттықтыру; "Қанша?" ("Нешеу?") сұрағына дұрыс жауап беруді бекіту; Сөйлеуді дамыту "Мамандық иелері" Мақсат-міндеттері. Мамандықтарға қатысты түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуде суретті сипаттау қабілетін дамыту. Балалардың сөздік	дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау. «Қ – Ғ» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды және ажыратуды үйрету. Сөздің мағынасына қызығушылықты арттыру. Қ, Ғ дыбыстары бар сөздерге сөйлем құрастыру. Сурет салу "Капитанның кемедегі саяхаты" Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: коршаған өмірдегі оқиғаларды жеткізе білуін жетілдіру. Балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; кеменің пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге баулу; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті
--	---	---	---	---

Дене тәрбиесі "Кедергі заттар арасымен допты домалату". Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалатуға үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Жол ережелері" Мақсат-міндеттер. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. "Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу	"Нешінші?" сұрағына дұрыс жауап беруді бекіту. Музыка "Менің камкорлығым" Мақсат-міндеттер. Қазақ халық "күй" жанрымен ("Ақсақ құлан" күйімен) таныстыруды жалғастыру. Ән айтуда (ақ лақ туралы) дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру. Балалардың музыкалық аспаптарында жатық ойнау қабілетін жетілдіру. сөйлеуді дамыту «Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас». Дыбыс артикуляциясын қайталатып, сөзге дыбыстық талдау жасату. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту. Ересектердің көмегімен	тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Дене тәрбиесі "Кедергі заттар арасымен допты домалатуды пысықтау". Мақсат-міндеттер: балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыруға үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Көркем әдебиет "Тұманбай Молдағалиев «Мамандықты таңдау»" Мақсат-міндеттері.	қорын мамандықты білдіретін зат есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Ас - аспаз, аспазшы, аспазхана. Аула - аулашы. Шебер - шеберхана, шеберлік. Балта - балташы. Сурет - суретші. Егін - егінші, егіншілік. Құру - құрылыс, құрылым, құрылысшы. Музыка "Комбайыншы боламын" Мақсат-міндеттер. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен («Келіншек» күйімен) таныстыруды жалғастыру Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Балаларды шығармалардың (комбайншы туралы әнді) эмоционалды мазмұнын, сипатын ажыратуға баулу. Музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту дағдыларын дамыту. Музыканың және оның	сақтау. Дене тәрбиесі "Түрлі биіктіктегі заттардан қос аяқтап секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі биіктік деңгейдегі заттар арқылы қос аяқтап секіруге үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Көркем әдебиет "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. Өлең мазмұнын түсіну,
---	--	---	--	--

	жүргіншілер жолы", "Велосипедке арналған жол" жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру, ажыратуға үйрету. Қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау.	әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға көмектесу. Қиялдауға жетелеу, сөздік қорларын дамыту. Адалдыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.	Балаларды Тұманбай Молдағалиевтің «Мамандықты таңдау» өлеңімен таныстыру; өлеңнің мазмұнын мәнерлеп айтуға дағдыландыру; мәнерлеп оқу құралдарын саналы пайдалануға үйрету; мамандық иелерінің әрекетін сипаттайтын етістіктерді дұрыс тандап қолдануға дағдыландыру; канатты сөз тіркестеріне қызығушылық ояту; сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; еңбекті, адамды құрметтеуге тәрбиелеу.	бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауға үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Мамандықтар" Максат-міндеттер. Балалардың әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету. Үлкенді сыйлауға, олардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				

Серуен	«Қауіпсіздік». Жемшашарға қонған құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Өңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Сұлтан Қалиев "Жем шашқанда құстарға" Отырмай мен демалып, Сары аяз қысқанда, Тысқа шықтым жем алып, Шашайын деп құстарға. Көгершіндер Дәніме Қонды келіп жағалай. Ал қарғалар Әріде Ұшып жүрді жоламай. Ешкімге жоқ залалы Көгершіндер батыл-ау! Болғаннан соң саналы Адамдарға жақын-ау! «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру,	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Арнайы көліктер. Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) бақылау. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: арнайы көлік құралдарының түрлерін (өрт сөндіру көлігін, полиция көлігін) ажырата білу қабілеттерін дамыту; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (жүргізуші, өрт сөндіруші, полицей) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік қорды молайту. – Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін, полиция көліктері). – Осы көліктерге не себептен көк түсті шамды жаққызып, сиренаны қосқызады? – Бұл көлік түрлерін не себептен "арнайы" деп санайды? – Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) қандай ерекшеліктер мен белгілерге қарап ажыратамыз? – Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) келген кезде, біз қандай мамандарды кездестіреміз?	«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Терезе сыртында не деген ғажайып! Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып. Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған, Аулада балалар қарларға аунаған. Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай Қолынан түспейді күрегі алыптай. Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға, Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова) – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды	«Өнегелі тәрбие». Жеткізушінің еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Адамның еңбегі туралы түсініктерді кеңейту, жеткізушінің әрекеттерін бақылап, жұмысының мазмұнын, сипатын тиянақтау, еңбек нәтижелерін қадірлеуге тәрбиелеу. "Жеткізуші кім?" – десеніз, Жауапты жылдам береміз: "Өнері асқан бұл маман Жүйрік, алғыр да шапшаң, Қалаған затты уақытында Жеткізеді адамдарға. Жаңбыр болсын, қар жауыны Кедергі болмайды, өйткені Жеткізуші сөз берген: "Қайтсе де, тауарды жеткізем!" Рәкмет айтамыз, күлімдесіп, Аяғына дерт бермесін, Еңбегін аямаған біз үшін Сау болсын жеткізуші. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек	«Қауіпсіздік». Жаяу жүргіншілерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жер астынан өтетін жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау. Зайда Елғондинова «Светофор» Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: «Токта, жолдас!» – дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: «Ал, дайындал!» – дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: «Ал, өте бер!» – дегені. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды
---------------	---	---	---	--	---

камқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. "Балықшылар мен балықтар". (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұнтаны таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, кимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. «Қауіпсіздік». "Ұсталып қалма" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Балалардың дербес кимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген кимыл дағдыларын, жылдамдықпен, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. Ітілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. "Төмпешіктен төмпешікке секір" кимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)	– Олардың жұмысы қандай? – Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) жолда қалай жүретінін білесіңдер ме? – Осы арнайы көлік түрлері жолда барынша жылдам жүру керек. Жолда жылдам жүру қандай жағдайда болады? – Иә. Көк шамы жанған, сиренасы қосылған арнайы көліктерге жол үстінде барлық көлік жол беру керек. Мұқтаж адамға уақытында көмекке келу, жол апатына түспеу үлкен еңбекті аталап етеді. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: тайғақ жолдарға құм шашу. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек мазмұнын, сипатын білуге ынталандыру, Қауіпсіздікті сақтау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының кимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Максат-міндеттер. Ұлттық кимылды ойындарды ойнату.	атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" кимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Максат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес кимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген кимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру.	әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Екі аяз" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұнтаны және шығармашылықты таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты, белгі сөздер бойынша жалтарып, кимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбыңды тап". (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ұнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті, ептілікті)	қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Жапалақ" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ұнтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды ойын шартына сай кимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; кимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" кимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Максат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес кимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген кимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру.
---	--	--	---	---